Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.II, ч.2. – Б. 231-233

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Махаева Н.

Қазіргі туризм – бұл лемдік экономиканың құлдырау-ды білмейтін саласы. Сонымен бірге, мемлекет экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосатын сала. Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы мәліметтеріне сүйенсек, туризм әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді екен. Сондықтан да туризмнен түскен кіріс дүниежүзі бойынша әлі күнге дейін мұнай экспорты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды иеленіп келеді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 000 турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 000 доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды, яғни, туризмді дамыту экономикалық тиімді. Отандық туризмнің дамуын төрт кезеңге бөлуге болады:

1) КСРО кезеңіндегі туризм. Бұл кезеңде саланы орталықтан қатаң қадағалап отырды.

2) 1992-1996жылдар аралығы. 1992ж. үшінші шілдеде Қазақстан Республикасының тұңғыш «Туризм туралы» №1508-XII заңы қабылданды; 1993 жылы Бүкіләлемдік туристік ұйымға толық мүшелікке қабылданды, туризм саласындағы ынтымақтастық туралы бірқатар халықаралық келісімдер жасалды.

3) 1997-2000 жылдар. 1997 жылы Қазақстан Республикасы түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясына қатысты. Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясындағы бөлігінде туристік инфрақұрылымды дамытудың алғышарттары жасалына бастады. Жібек жолы бойындағы тарихи орталықтар қалпына келтіріле бастады.

4) 2000 жылдан қазіргі кезге дейін. 2000 жылдың 30 қазанында «Туризм жөніндегі үйлестіру кеңесі» құрылды. Туризмді дамытудың негізгі бағыттары айқындалып, республикадағы курорттар, санаторийлер, емдеу-сауықтыру орындары, демалыс аймақтары, басқа да туристік нысандар толық жөндеуден, қайта құрастырудан өткізілді.

Қазақстанда туризмнің барлық түрлері (танымдық, ойын-сауық, этн., экол., денсаулық сауықтыру, балалар, спорттық, аң аулау, балық аулау, атпен серуендеу), т.б. бойынша жүргізіледі. Бұл үшін Қазақстан аумағы бойынша 700-ден астам саяхаттық маршруттар белгіленген.

Туризм жалпы алғанда, мемелекеттің экономикасына мынадай оң нәтижелер береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Еңбек нарығы үшін де туризмнің маңызы зор. Американдық мамандардың мәліметтері бойынша туризм индустриясы (ішкі туризмді қоса) көптеген елдердегі жұмыс орындарымен қамту жағынан ең ірі болып табылады, бүкіл әлемде туризм индустриясы 100 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырғаны мәлім.

Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, сондай-ақ, Алматы және Астана қалаларындағы туристік фирмалар желісі неғұрлым жақсы дамыған болып табылады. Осы облыстардың және қалалардың туристік ұйымдары жыл сайын туристердің және экскурсанттардың 88%-ына дейін қызмет көрсетеді

Қазақстандағы туристік нысандар бірнеше топтарға бөлінеді: табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуіп ету. Табиғи-рекреациялық нысандарға ұлттық саябақтар мен қорықтарды және емдік сипаты бар аймақтарды жатқызамыз. Мысалы, Бурабай, Ұлытау таулары, Іле Алатау ұлттық саябағы және т.б. Тарихи-археологиялық нысандардың ішінде тарихи ескерткіштердің, қорғандардың орны ерекше. Соның ішінде, Алматы облысындағы сақ қорғандары, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар, Сығанақ секілді көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы өте мол. Тәуіп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Йассауи кесенесі т.б. жатады. Туристер бұл орындарға тәуіп етіп, құлшылық жасау үшін келеді.

Елімізде туризм саласына, Отандық туристік өнімнің өткізілуіне, оның үйлесімді көркемделуіне, халықаралық туристік нарықта жарнамалануы мен жылжытылуына ерекше баса назар аудару керек. 2017 жылы Дүниежүзілік көрме ЭКСПО-2017 бас қаламыз – Астанада өтетіні мәлім. Жалпы, ЭКСПО көрмесі туристік тартымдылығы жағынан әлемдегі теңдесі жоқ ауқымды оқиға. Осы көрме арқылы еліміздегі туризм саласын дамытуға зор мүмкіндіктер туады.